



ШЕШІМ

23.01.2019 ж

Бекбола ауылы

РЕШЕНИЕ

№ 2

село Бекбола

Бірінші Май ауылдық округінің 2019-2021 жылдарға арналған бюджеті туралы

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 9-1-бабының 2-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағының, 1) тармақшасына және Қарасай аудандық мәслихатының 2019 жылғы 10 қаңтарындағы «Қарасай ауданының 2019-2021 жылдарға арналған бюджеттері туралы» №39-3 шешіміне сәйкес, округ әкімінің м.а **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2019-2021 жылдарға арналған Бірінші Май ауылдық округінің бюджеті тиісінше осы шешімнің 1 - қосымшасына сәйкес, оның ішінде 2019 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер 74001 мың теңге, оның ішінде:
 - салықтық түсімдер 31673 мың теңге;
 - трансферттердің түсімдері 42328 мың теңге;
- 2) шығындар 74001 мың теңге;
- 3) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо 0 теңге;
- 4) бюджет тапшылығы (профициті) (-) 0 теңге;
- 5) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) 0 теңге.

2. 2019 жылға арналған аудандық бюджетте ауылдық округтердің бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер көзделгені ескерілсін, оның ішінде:

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға;

Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Округ әкімінің м.а.

Е. Мукатаев

000080